ЖЕРДІ ҚАЛАЙ ҚҰТҚАРАМЫЗ?

5-БЕТ | САРАПТАМА

МАСЫЛДЫҚ МҰРАТҚА ЖЕТКІЗБЕЙДІ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

РЕФОРМАЛАРЫМЫЗДЫҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСАРТУ. ОЛ ҮШІН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАБЫСЫН КӨБЕЙТУ КЕРЕК. ЖАЙЛЫ ӨМІР СҮРУІНЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАП, ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЖЕТ. АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУЫНА БАРЛЫҚ МҮМКІНДІК ЖАСАЛУҒА ТИІС. МҰНЫҢ БӘРІН МЫҚТЫ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА БОЛСА ҒАНА ТАБЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛАМЫЗ.

№47
(4480)
Сенбі
22 сәуір
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Оңалхан ӨНЕРХАН

ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗ ЖҮРМЕЙДІ

Жастарды жұмыспен қамту бүгінгі таңда өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Осы орайда Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен бірқатар іс-шара қолға алынған. Соның бірегейі – жастарға арналған бос жұмыс жәрмеңкесі. Кеше елордада өткен кезекті жәрмеңкеде 50-ден аса жұмыс беруші 450 жұмыс орнын ұсынды.

3

БАЛАҢЫЗДЫ SIM-КАРТАМЕН БАҚЫЛАЙСЫЗ

Оқу-ағарту министрлігі балаларға арналған жеке SIM-карта жүйесін қолданысқа енгізу туралы ұсыныс білдірді.

Балалар мен ата-аналардың телефонын байланыстыру арқылы іске қосылатын SIM-карта ата-аналардың балаларын тікелей бақылай алатынына мүмкіндік береді.

«Біз бұл жүйені енгізуді ұсынамыз. Бұл баланы бақылауға мүмкіндік береді. Яғни балаңыз қандай сайттарға кіреді, қандай әлеуметтік желілерде отырады дегенді тікелей көре аласыз. Сонымен қатар уақытты шектеу мүмкіндігі де бар. Біз министрлік тарапынан балалардың қауіпсіздігі үшін осы жүйені қолданысқа енгізуді ұсынамыз» дейді Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан.

ЕЛДЕГІ ЕҢ ҰЗЫН АДАМ

Атырау облысы Индер ауданының тұрғыны Парасат Нұрғалиев Қазақстанның рекордтар кітабына «Елдегі ең ұзын адам» ретінде енді. Бұл жөнінде «Elorda info» хабарлады.

Қазақстанның рекордтар кітабының ресми мәліметі бойынша Парасат Нұрғалиевтің бойы – 218,5 сантиметр. Ол сондай-ақ ең үлкен аяқтың да иесі болып отыр. Оның аяқ киімінің өлшемі – 56. Ал салмағы 150 келі тартады.

ЕНДІ ЖАҢБЫР ЖАУАДЫ

«Қазгидромет» 22-24 сәуір күндері еліміздің басым бөлігінде жаңбыр жауатынын болжайды.

Синоптиктердің мәліметінше, циклон батыстан шығысқа қарай жылжи отырып, жауын-шашынның болуына ықпал етеді. Кейбір өңірде тұман болып, жел күшейіп, найзағай ойнайды деп күтілуде.

Астанада ауыспалы бұлт болып, ауа температурасы түнде -6-8 аяз, ал күндіз +13-15 градусқа дейін жылынады деп болжанып отыр. Сондай-ақ, жаңбыр жауатыны айтылады. Егер елордада жаңбыр жауып жатса, онда кетпей жатқан қарды ерітіп кетіретіні сөзсіз.

BUS LANE-мен БАЙҚАП ЖҮР

22 сәуірден бастап Астанадағы А.Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейінгі учаскеде Абылай хан даңғылы бойында қоғамдық көлікке бөлінген жолақпен автомобильдердің қозғалу уақытын өзгерту жоспарланып отыр. Бұл туралы елорданың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы мәлімдеді.

Қоғамдық көліктен басқа барлық автомобильге жұмыс күндері сағат 06:30-дан 20:00-ге дейін арнайы жолақпен жүруге тыйым салынады. Сенбі, жексенбі және мереке күндері көліктерге Bus Lane арқылы жүруге рұқсат етіледі.

Жол қозғалысының барлық қатысушысы сақ болып, өз бағытын алдын ала жоспарлауы қажет. Жүргізушілер белгіленген жол белгілерін басшылыққа алып, ҚР жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтауы тиіс.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

№47 (4480) 22/04/2023 Сенбі

ДЕПУТАТТАР ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылым депутаттары, өз партиялары мен жұмыс орындарының қоғамдық қабылдауларынан бөлек, азаматтарды Бейбітшілік, 9 (1-қабат) мекенжайы бойынша бұрынғы орталық әмбебап дүкені ғимаратында қабылдайды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Әр депутаттың жеке кестесімен елордалық мәслихаттың www.maslihat01.kz сайтындағы «Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылым депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі» айдарында таныса аласыздар. Елордалық мәслихат төрағасы азаматтарды апта сайын әр бейсенбі күні қабылдайды. Азаматтарды қабылдауға жазылуды қалалық мәслихат аппараты кеңсесінің қызметкері 55-54-83, 55-66-31 телефондары арқылы жүзеге асырады. Қызметкер өтініш берушінің деректерін және мәселенің қысқаша мазмұнын өңдеп, содан кейін келушілерді есепке алу карточкасы арқылы тіркейді» деп түсіндірді Е.Каналимов.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІЛУІ КЕРЕК

Елордада тонау, бопсалау, интернет-алаяқтық, көлік ұрлау сияқты қылмыстардың ашылуы жақсарды. Соңғы 5 жылда, халық санының тұрақты өсуіне қарамастан, қылмыс саны 2 есеге азайды. Бұл туралы елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті. Оның айтуынша, биыл бас қалада 8 учаскелік және 3 модульдік полиция пунктінің құрылысы жоспарланған.

«Астананың жаңа ауданының құрылуына байланысты Нұра ауданының полиция басқармасы үшін ғимарат салу қажеттілігі туындап отыр. Сол жағалауда қосымша арнайы жедел әрекет ету жасағын орналастыруға болар еді. Осыдан бірнеше жыл бұрын мәслихат депутаттары штат саны 900-ге жуық адамға жететін арнайы жедел әрекет ету жасағы үшін Есілдің оң жағалауынан ғимарат салу үшін ақша бөлуді қолдағаны мәлім. Осыған орай, мәслихаттағы басқосуда елорда тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі, сондай-ақ қылмыстарды жедел ашу үшін тұрғын үй кешендерінің ауласында, кіреберісінде бейнебақылау камерасын көбейтуге назар аудардым» деді мәслихат төрағасы.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Андрей ЛУКИН, Сенат депутаты:

Бизнес-иммигранттардың визасыз 198 компаниясында 4 млрд теңге берешегі бар. 1,5 мыңнан астам компания тіркеу орнында жоқ және 2 мыңға жуық фирма жұмыс істемейді. Шетелдік бизнесмендер Қазақстан бюджетіне 4 млрд теңгеден астам қарыз. Шетелдіктер Қазақстанда өз компанияларын тіркегеннен кейін біздің елден кетіп қалады, алайда құрылған фирмаларды жалған шот-фактуралар жазу, салық төлеуден жалтару және қаржыны көлеңкелі айналымға шығару үшін пайдаланады. Бұл толық дерек емес. Мемлекеттік кірістер органдары заңды тұлғаны құру кезінде заңнамалық бұзушылықтарға жол беруіне байланысты оны тарату жолымен талап қоюға құқылы. Заңды тұлғаны құрған шетелдіктің бизнес-иммигрант визасын алмауы – осындай бұзушылықтың бірі. Алайда республикалық маңызы бар облыстар мен қалаларда белгіленген заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өтуін тану шаралары жалпыға бірдей қолға алынбаған.

(21.04.2023 ж. Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевқа жолдаған депутаттық сауалынан алынды)

СУ ТАПШЫЛЫҒЫН АЗАЙТАДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары сорғы-сүзгі станциясының (3-ССС) құрылыс барысымен танысты. Мәслихат депутаттарымен бірге сенатор Бибігүл Жексенбай да құрылыс алаңына барып, нысанның жай-күйін көзбен көріп, жұмысшылармен тілдесті.

Нысанды аралау барысында депутаттар өз ұсынысын айтып, құрылыс қарқынын жеделдетуді тапсырды. Бүгінгі таңда сорғы-сүзгі станциясының құрылысы 85 пайызға аяқталған. Бұл станция биыл жазда салынып бітіп, қыркүйек айында пайдалануға берілсе, Есіл және Алматы аудандарын толық сумен қамтамасыз етеді.

Елордада халық саны өскенмен, бар болғаны екі су сорғы станциясы жұмыс істейді. Жаңадан салынып жатқан үйлер көбейген сайын су тапшылығы туындап отырғаны мәлім. Қазір қолда бар құрылғылардың мүмкіндігі елордалықтарды тіршілік нәрімен толық қамтамасыз етуге жетпейді. Сол себепті де «Астана су арнасы» су қысымын азайтып, амалдап отыр. Мамандар мәселе үшінші сорғы-сүзгі станциясы қолданысқа берілгенде шешіледі деп сендіруде. 2021 жылдан бері салынып жатқан нысан биыл жазда іске қосылуы тиіс. №3 су сорғы-сүзгі станциясы Алматы ауданындағы Интернационал тұрғын үй алабы маңында салынып жатыр. Станцияның қуаттылығы – тәулігіне 305 мың текше метр. Тапшылықты жою үшін тағы 30 мың текше метр су керек. Бұл станция су тапшылығын жояды.

Салынып жатқан үшінші сорғы-сүзгі станциясының құрылысы тамызда толығымен аяқталады деп сендірді мәслихат депутаттарын станцияны салып жатқан мердігер компания өкілдері. Бірінші кезең мамырдың аяғында немесе маусымның басында аяқталады. Жаңа сорғы-сүзгі станциясы күніне қосымша 100 мың текше метр су береді. Бұл станция су көзін Вячеслав су қоймасынан алады. Аталған су қоймасының мүмкіндігі таусылып жатыр. Сондықтан Сәтпаев каналынан су жүретін құбыр тартылуы мүмкін. Мәслихат депутаттары станцияның құрылыс барысын бақылауда ұстап, мұнда жиі келіп тұратын болып келісті.

Аяулым АЛТЫНБЕК

«ДУБЛИН» ЖӘНЕ «ВАШИНГТОН» НЕ ҮШІН СҮРІЛЕДІ?

Астана қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Азамат Бердібеков «Дублин» және «Вашингтон» тұрғын үй кешендерін сүру туралы шешімге қатысты түсініктеме берді.

Құзырлы ведомство өкілі 4 сәуірде мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот «Стройгруп 2021» ЖШС Ш.Айтматов пен Ж.Молдағалиев көшелерінің қиылысында орналасқан заңсыз салынған құрылысты өз есебінен сүруді міндеттеу туралы шешім шығарғанын айтты. Оның айтуынша, сот орындаушысы жауапкерге талапты орындау қажеттілігі туралы бірнеше рет хабарлаған.

«Алайда «Стройгруп 2021» ЖШС тарапынан барлық талап ескерілмеді. Осыған байланысты атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушысы мәртебесі заңына сүйене отырып, сот актісі талабының міндетін әкімдікке, яғни талапкер-өндіріп алушы – «Отын-энергетика кешені басқармасы» ММ-ге жүктеу туралы шешім қабылданды. Қаулы негізінде басқарма бүгін арнайы техника мен жұмысшыларды тарта отырып, сүру, яғни мәжбүрлеп орындауға бағытталған пәрменді шаралар қабылдады» деді ол.

А.Бердібеков жауапкердің үйлерді сүру жұмысына қарсылық танытқанын жеткізді.

«Ол техниканың кіруіне және сүру жұмысының басталуына жол бермеді. Бұл факт бойынша полиция қазірдің өзінде тиісті шараларды қолға алды. Оны полиция бөліміне алып кетті. Бұл – полицияның құзыретіндегі іс. Талқы нәтижелерін күтетін боламыз» деді Азамат Бердібеков.

Ол салымшылардың құрылыс компаниясымен келісімшартты бұзуға немесе құзыретті органдарға жүгіну арқылы ақшаларын қайтарып алуға құқығы бар екенін атап өтті.

«Сондай-ақ сот шешімі заңды күшіне енбегені жайлы пікірді көзім шалып қалды. Иә, ол заңды күшіне енген жоқ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 6 сәуірдегі шешімі бойынша бұл сот актісі дереу орындау үшін Әділет департаментіне келіп түсті. Дереу орындалсын деген сот шешімі келіп түскенде, біз атқарушылық іс жүргізуді қозғаймыз. Яғни ол орындалуға жатады».

«Вашингтон» ТК-ға келетін болсақ, Бердібековтің ақпараты бойынша сот актісін орындамағаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 669-бабы бойынша әкімшілік материал жинақталды.

«Әкімшілік сот айыпталушы тарапты кінәлі деп танып, әкімшілік жазаға тартты. Сондай-ақ мемлекет кірісіне өсімпұл бірнеше рет өндірілді. Әрбір кешіктірілген күн үшін. Республикалық бюджетке. Ол да сүріледі. Қазіргі уақытта сот орындаушылары әкімдікпен бірге бұзу мәселені пысықтауда. Заңсыз салынған ғимарат болғандықтан, өтемақы (құрылыс салушыға) алуды білдіреді деген болмайды. Керісінше, сот актісін мәжбүрлеп орындауға бағытталған барлық шығын борышкерге жүктеледі. Біз сотқа жүгінеміз, олардан өндіреміз» деп түсіндірді ол.

Департамент басшысының орынбасары борышкер ТК-ны өз бетінше бұзуға міндеттелгенін, егер ол мұны жасамаса, онда сот орындаушылары іске асыратынын мәлім етті.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Әлемде балалар вакцинациясына деген сенім төмендеп барады.

ЮНИСЕФ өз есебінде 2019-2021 жылдар аралығында 48 миллион бала вакцина алмағанын, ал тағы 19 миллион баланың тек ішінара екпе алғанын көрсетеді. Бұл, мысалы, қызылша ауруының екі есе артуына және алдын алуға болатын полиомиелит инфекциясының жыл сайын 16 пайызға төмендеуіне себеп болды. Бірақ бұл Африка мен Оңтүстік Азиядағы ең көп зардап шегетін вакцина тапшылығымен де байланысты.



SpaceX-тің Оңтүстік Техастағы Starbase-те ұшыру қондырғысынан ұшырылған алып Starship зымыраны бірнеше минуттан кейін жарылған.

«Бұл толығымен біріктірілген Starship ғарыш кемесі мен SpaceX Super Heavy зымыранының алғашқы сынағы болды. SpaceX біздің өмірімізді көп планеталық етуге тырысады» деп жазды компания Twitter-дегі аккаунтында. Starship-ті ұшыру осыдан бір ай бұрын техникалық ақауға байланысты тоқтатылған еді.

Қытай билігі тақырыптық мұражайлар мен білім орталықтарын ашу арқылы дәстүрлі медицина мәдениетін танымал етуге күш салуда.

ҚХР 2022 жылдың соңына қарай елде дәстүрлі қытай медицинасының 83 мұражайы жұмыс істейді. Осыған орай, елімізде дәстүрлі қытай медицинасына қатысты мәдени жәдігерлерді жинау, қорғау және зерттеу, көрмелер өткізу және соған байланысты білімді насихаттаумен айналысатын мекеме құрылды.

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ ОТАНЫ

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Қазақстан – бірлік пен татулықтың Отаны» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Оған Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясы ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Астана қаласындағы «Ассамблея жастары» өкілдігінің мүшелері қатысты.

Іс-шараға Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясы ғылыми-сараптамалық тобының төрағасы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Тілеген Садықов модераторлық етті.

Жиын барысында қатысушы спикерлер бірлік пен келісім тақырыбында баяндама жасап, Қазақстан халқы ассамблеясының мақсаты мен міндеті және бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастырудағы оның рөлі жайлы әңгіме қозғады.

Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясының құрылымдық бөлімшелерінің бірі болған ғылыми-сараптамалық топтың негізгі міндеті – этносаясаттың өзекті бағыты бойынша ҚХА қызметін ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу.

ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗ ЖҮРМЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығы мен Халықты жұмыспен қамту орталығы бірлесіп, Esil университетінде ұйымдастырған жоғары оқу орындарының түлектері мен жұмыссыз жүрген жастарға арналған бос жұмыс орындарының жәрмеңкесіне 1000-ға жуық жұмыс іздеуші қатысты. Жастарға барлығы 450-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды.

Ұйымдастырушылар жәрмеңкенің негізгі мақсаты жұмыссыз азаматтарды, білім беру ұйымдарының түлектері мен жастарды жұмыс іздеушімен тікелей байланыс орнату арқылы жұмысқа орналастыруға бағытталғанын атап өтті.

– Жастарға арналған жәрмеңке әр тоқсан сайын өтеді. Осы уақытқа дейін үш жоғары оқу орнында ұйымдастырылды. Яғни бір жылда 16-ға жуық бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу жоспарланған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жастардың 60 пайызға жуығы жұмысқа орналасты. Биыл бұл көрсеткіш артады деген үміттеміз, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының қызметкері Олжас Хамитов.

Жәрмеңкеге «Самұрық-Қазына» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақстан халық банкі» АҚ және қалалық Мемлекеттік қызмет істері департаменті мен басқа да жетекші кәсіпорындар қатысты. Білім, сауда, қаржы, құрылыс саласындағы мекемелер жұмыс іздеп жүрген азаматтарға ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізіп, түйіндемелерін қабылдады.

ВТБ (Қазақстан) АҚ-тың бөлім басшысы Дастан Нұрлыбай менеджер және операторлар қатарына қосыламын деушілерді іздейтінін айтты.

«Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне ай сайын қатысамыз. Алайда жастарды бұл жолы бірінші рет қабылдағалы отырмыз. Сондықтан жұмыс іздеп жүрген студенттерді қуана қабылдаймыз» деді ол.

Жұмыс іздеушілердің қатарында Esil университетінің 3-курс студенті Фариза Ділімбетова бар.

«Мен қаржы мамандығы бойынша білім аламын. Сондықтан маған банкте, қаржы орталығында жұмыс істеген қызықты. Бірнеше банкке өзімді ұсынып үлгердім.

Келесі жұмыс жәрмеңкесі 28 сәуірде Г.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өтеді.

Индира БЕРЖАНОВА

ӘР БАЛА МЕКТЕПКЕ БАРУҒА ЛАЙЫҚТЫ

Елорданың Триатлон паркінде 29 сәуірде «Run for autism» атты қайырымдылық марафоны өтеді. Жүгіру жарысына қатысушылар іс-шара аясында кеше қаладағы №89 «Қыз Жібек» балабақшасындағы инклюзияны қолдау кабинеттерінің жұмысымен танысты.

«Run for autism» қайырымдылық марафонын «Болашақ» корпоративтік қоры ұйымдастырып отыр. Қор еліміздің 22 қаласындағы мектептер мен балабақшаларда 46 инклюзия кабинетін ашты. Нәтижесінде аутизм және дамуында басқа да ерекшеліктер бар 700-ден астам бала мектепке баруға мүмкіндік алды.

– Бізді серіктестеріміз бен достарымыз қолдағанына өте қуаныштымыз. Бүгін біз оларды «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасының жұмысын көрсетуге және қайырымдылықтың негізінде жиналған қаражаттың қайда жұмсалатынын көрсету үшін шақырдық. Бүгінде жарысқа жүзден аса адам тіркелді. Қатысушылар саны әлі де артады деп үміттенеміз, – деді «Болашақ» қоры қамқоршылық кеңесінің төрайымы Динара Гаплан.

Ресми деректерге қарағанда, елімізде аутизм диагнозы қойылған 9 мыңға жуық бала тұрады. Ал 2022 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша елордада 2256 бала бар. 2015 жылдан бері «Болашақ» қорының «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы аясында Астана қаласынан 130-дан астам бала білім алды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қайырымдылық жүгірісінен жиналған қаражат «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы аясында аутизм және басқа да менталдық бұзушылықтары бар балаларды қолдауға жұмсалады.

Айта кетейік, жүгіру жарысына кәсіби спортшылар, жүгірушілер, әуесқой спортшылар, ерекше балалар, ата-аналар қатысады. Жарыс 1, 2,5, 5 және 10 шақырым қашықтық бойынша өтеді.

Германия президенті Франк-Вальтер Штайнмайер Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде немістердің жасаған қылмысы үшін поляктардан кешірім сұрады.

Ол мұны 1943 жылы 19 сәуірде болған Варшава геттосындағы көтерілістің 80 жылдығына арналған қаралы шаралар кезінде жасады деп хабарлайды Euractiv басылымы. Басылым 1939 жылы фашистік Германия Польшаға басып кіргенін еске алады.

Париждің қақ ортасындағы теміржол вокзалынан бірнеше метр жердегі ежелгі қорымнан 50 бейіт табылды.

Бұл Франция астанасының ізашары – Лютецияда 2000 жыл бұрынғы өмірдің көмескі көрінісін аңғартады. Франция Ұлттық археологиялық зерттеулер институтының антропологы Камиль Колонна қорымда табылған аузында тиын бар мүрдеге қарап, оны біздің дәуіріміздің II ғасырына жатқызуға болады деп топшылайды.

Тұңғыш рет барлық деңгейдегі мәслихат төрағалары қатысқан Үкіметтің кеңейтілген жиынында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын оңалтуға қатысты бірқатар реформалық қадамдар жасау міндетін айқындап берді. Үкімет шұғыл қолға алуға тиіс сегіз басымдық белгіленді. Көп жайттан хабардар оқырманға оның толық мәтінін қайталау артық деп санаймыз.

ҮКІМЕТ НАҚТЫ ІСКЕ КӨШСЕ, СЕНІМ АРТАДЫ

Данышпан Абайдың сөзімен тұжырымдасақ, қазіргі кезде неден үйрену, неден жирену керегі ашық әрі нақты айтылды. Оның ішінде кадрға, білімге, денсаулыққа, салық жүйесіне, тәртіпке қатысты өзекті мәселелер, жаңа саяси ұғым-түсінік те бар.

Туған жерге, елге табыс көзі ретінде ғана қарауды доғару, тапқан-таянғанды шетелде шашу ұят, көргенсіз іс екені нақты жеткізілді. Дендеп кірген дерттен құтылу жолдары да көрсетілді. Ынсапсыз байығандар немесе шала байшыкештер ойланатын пайымдар айтылды. Іс адамдары елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көбірек үлес қосса, табысын басқа жаққа емес, елдегі бизнесті дамытуға жұмсаса, нағыз ұлттық бизнес-элитаға айналатынын алға тартты. Ұлттық бизнес-элита қалыптасу үшін мемлекет ресурсына арқа сүйемейтін, бойындағы дарыны мен іскерлігі арқылы тұрақты әрі мықты кәсіп құруға қабілетті азаматтарды билік орындары қорғап, қолдауы керек. Шын мәнінде, ондай кәсіпкерлерді халықтың құрметтейтіні де сөзсіз.

Президент тағы бір шындықтың бетін ашты.

«Ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқ. Азық-түлік инфляциясының басты себебі де – осында. Елімізде өндірілетін тауардың көлемі ішкі сұранысты қамтамасыз етуге жетпейді. Импортқа тәуелдіміз».

Ауыл шаруашылығы саласын басқарудың қазіргі тәсілі сын көтермейтіні қаншама рет айтылды. Агроөнеркәсіптік кешенді ақсатып қана емес, әлеуетін тежеп тастағаны айдай анық еді. Енді Президент тапсырмасына орай Үкіметтің іскерлігі мен білігі дәл осы тұстан көрінсе құба-құп.

Сондай-ақ, «оң көзіңе сол көзің қарауыл болсын» дегендей, елімізде жүзеге асатын әрбір маңызды инвестициялық жобаға прокуратура өкілдерінің бекітілуін оң қадам дей аламыз. Мұндай әлемдік тәжірибенің көп тиімділігі бар деп ойлаймыз. Біріншіден, кәсіпкерлердің салған қаржысының қауіпсіздігін, кепілдігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан, тиісті сала қызметкерлері дұрыс шешімді қабылдауды тездетіп, алаңдамай жауапкершілікті мойынға алады.

Сонымен бірге кез келген салада ысырапқа жол бермеу мәселесіне көңіл аударды. Күнделікті тіршілігімізде үнемшілдікті өркениетті елдерден үйренетін кез келді. Әсіресе энергия қуатын, суды пайдалануда өмір салтын өзгертпесе болмайтынын тілге тиек етті. Тапшылық әрдайым қымбатшылықтың есігін қағып тұрады.

«Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін» деді Мемлекет басшысы.

Халықаралық қаржы ұйымдары беретін қарыз ақшаларының тиісті дәрежеде игерілмейтіні сынға алынды.

Кезінде атағы алысқа кеткен Жамбыл гидромелиоративтік институты даярлаған кадрлар жүйесі бүгінде көзден бұл-бұл ұшқаны жасырын емес. Сондықтан Үкіметке арнайы мамандар даярлайтын базалық жоғары оқу орнын ашуды, еліміздегі тұтас су шаруашылығы жүйесін жаңартуды, «Казводхозды» талапқа сай қайта құрып, табысты мекемеге айналдыруды тапсырды.

Ораза айында адамзаттық, ұлттық құндылықтар жөнінде жақсы ұсыныстар, көп уағыз айтылады. Іс жүзінде қаптаған қоғамдық ұйымдардың, тәрбие ошағы – отбасының орасан мүмкіндіктерін пайдалануды жақсы жолға қоюға мүдделіміз. Өйткені мәдениетті орта, қауіпсіз қоғам қалыптастыруға үлес қосу, ұлтына, нәсіліне, жынысына қарамастан, әр азаматтың міндеті болуға тиіс. Бұл – өркениетке бет алған, дамыған елдердің айнымас жолы.

Президенттің маңызды жиында тұжырымдамалы ой-пікірін естіген Үкімет, өзге билік тармақтары сөзден іске көшпесе, еліміз бәсекелі әлемде көштің соңында қалуы мүмкін. Құдай содан сақтасын!

Жаңаруға ұмтылған жұрт, әділеттікті аңсаған халық, буырқанған қоғам нақты іс, нәтижелі жұмыс кезеңі басталады деп үміттенеді.

Дархан МЫҢБАЙ

«АСТАНА» ҚАЛАЙ ҰТЫЛДЫ?

Футболдан Қазақстан чемпионатының алтыншы турында «Астана» өз алаңында алматылық «Қайрат» командасын қабылдап, жеңілістің ащы дәмін татты.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

«Астана Арена» стадионына жиналған жанкүйер бұл ойында астаналықтардың жеңетініне өте сенімді болатын. Өйткені «Қайрат» соңғы ойындарында мардымсыз ойын көрсетіп жүргені, есесіне «Астананың» бабына келгені байқалатын. Алайда «доп-домалақ» дегендей, «Қайрат» бұл жолы астаналықтардың адымын аштырмады. Өте тартысты өткен ойында қонақтар алаң иелерінің қақпасына жауапсыз үш доп соғып кетті.

Алтыншы турдың нәтижесі: «Ақтөбе» – «Атырау» 4:0, «Ордабасы» (Шымкент) – «Тобыл» (Қостанай) 4:1, «Шахтер» (Қарағанды) – «Мақтаарал» (Атакент ауылы, Түркістан облысы) 3:0, «Каспий» (Ақтау) – «Оқжетпес» (Көкшетау) 2:1, «Астана» – «Қайрат» (Алматы) 0:3, «Ақсу» – «Қызылжар» (Петропавл) 0:2, «Жетісу» (Талдықорған) – «Қайсар» (Қызылорда) 0:2.

Әзірге турнир кестесін 18 ұпай еншілеген «Қызылжар» командасы жеке-дара бастап келеді. Екінші орында – «Ақтөбе», ал үшінші сатыда «Ордабасы» тұр.

Жетінші турдың ойындары бүгін және ертең өтеді. «Астана» сырт алаңда ойнайды. Қарсыласы – «Қайсар».

№47 (4480) 22/04/2023 Сенбі

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕГІ ӨРТ АЗАЙДЫ

Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымұлы мен «Астана-Энергия» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Көпешов биылғы жылыту маусымының қалай өткені және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылданғаны туралы баяндады.

Жылыту маусымына дайындық кезеңі алдын ала басталғанын айта келе, басқарма бастығы осы кезеңде көбіне тұрғын үй секторында газ-баллон және пеш жабдықтарын дұрыс пайдаланбау орын алатынын, дегенмен өткен жылмен салыстырғанда биылғы жылыту маусымы барысында тұрғын үйлердегі өрт жағдайы 14 пайызға төмендегенін атап өтті.

– 2022-2023 жылдардың өткен жылыту кезеңінде Астана қаласының аумағында тұрғын үй секторында 196 өрт тіркелді, оның ішінде: уақытша үйлерде (времянка) – 11, гараждарда – 8, жатақханаларда – 4, ауладағы жайларда – 40, жеке үйлерде – 57, монша, сауналарда – 18, саяжайларда – 4, көппәтерлі тұрғын үйлерде – 57. Тұрғын үй секторындағы өрттің қауіпті факторларынан 31 адам жарақат алды, түтіннен уланудың 49 жағдайы тіркелді. Өрт кезінде 89 адам, оның ішінде 38 бала құтқарылды. 2022-2023 жж. жылыту кезеңінде өрттің, өлімнің және жарақаттанудың алдын алу мақсатында департамент жергілікті атқарушы органның, еріктілердің, Тұрғын үй инспекциясы басқармасының, ішкі істер органдарының өкілдерімен бірлесіп жеке тұрғын үй секторын аралау бойынша профилактикалық іс-шаралар өткізді, олар 3 кезеңге бөлінді, – деді Еркін Отарғалымұлы.

Мемлекеттік өрт бақылау басқарма бастығының мәлімдеуінше, өрттің алдын алу іс-шараларының бірінші кезеңі халықтың әлеуметтік осал топтары арасында өткізілді, онда 1110 отбасының ішінен профилактикалық аралау барысында түзету жүргізілді. Көрсетілген 1110 отбасының 74-і көрсетілген мекенжай бойынша тұрмайтын болып шықты. Халықтың бұл санаты аулаларды аралауды ұйымдастыру арқылы өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстармен толық қамтылған. Аралау барысында өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша 970 бұзушылық анықталды.

2022-2023 жылдардағы жылу беру кезеңінде халықтың әлеуметтік осал топтарының тұрғын үйінде 11 өрт тіркелді, бұл тұрғын үйлерде болатын тілсіз жаудың өткен жылдағы маусыммен салыстырғанда 14 пайызға төмендегенін көрсетіп отыр.

– Қала әкімдіктерінің қолдауымен көміртегі тотығының дербес датчиктерін орнату тәжірибесі жалғасты. Аталған сектор бойынша бірнеше рет рейд іс-шаралары өткізілді. Кейбір тұрғындар жадынамалар мен нұсқаулықтарды тапсырғаннан кейін анықталған кемшіліктерді жою бойынша дербес шаралар қабылдады. Жергілікті атқарушы органдар улы, табиғи газ, түтіннен болатын түрлі мақсаттағы датчиктерді орнату бойынша жұмыстарды белсенді түрде жүргізіп жатыр. Мәселен, жылыту кезеңінде көпбалалы, аз қамтылған отбасылар, зейнеткерлер тұратын үйлерде, атап айтсақ, Алматы ауданында – 50, Байқоңыр ауданында – 105, Есіл ауданында – 109 және Сарыарқа ауданында 116 көміртегі тотығын анықтайтын 380 датчик орнатылған. Бұл жұмыс өзінің оң нәтижесін көрсетті, атап айтқанда, сенсордың сәтті іске қосылуы нәтижесінде 6 адам құтқарылды. Сондай-ақ, 03.12.2022 жылы Астана қаласы, Ақсу-Жабағалы көшесі, 23-үй мекенжайы бойынша датчик орнатылды. Сәтті іске қосылу нәтижесінде 06.12.2022 жылы 6 адам құтқарылды, – деді Нұрлан Көпешов.

> **2022-2023** жылдардың өткен жылыту кезеңінде Астана қаласының аумағында тұрғын үй секторында **196** өрт тіркелді, оның ішінде: уақытша үйлерде (времянка) – **11**, гараждарда – **8**, жатақханаларда – **4**, ауладағы жайларда – **40**, жеке үйлерде – **57**, монша, сауналарда – **18**, саяжайларда – **4**, көппәтерлі тұрғын үйлерде – **57**

Өрттің алдын алу іс-шараларының екінші кезеңінде 1268 үйді аралап, барак, жалдамалы тұрғын үйлердегі өрттің алдын алу бойынша түсіндіру жұмысы жалғасты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жатақханаларда көпбалалы отбасылар тұратынын көзбен көрдік. Олардың басым бөлігі жас балаларды қараусыз қалдырады, сондай-ақ азаматтар, оның ішінде жалақыға келетін шетел азаматтары тұрады. Өткен жылыту кезеңінде, 2022-2023 жылдары, барак үйлерде 4 өрт болды. Алдыңғы жылы 9 тілсіз жау тіркелсе, биылғы жылыту маусымында осындай жағдай 55,6 пайызға төмендеді.

Профилактикалық аралаумен 5207 саяжай үйі қамтылды, онда да түзету жұмысы жүргізілді, 21 саяжай үйі бұзылғаны анықталды, адамдар тұратын 5189 саяжай үйі профилактикамен қамтылды.

Үшінші кезең негізгі тұрғын үйлерде өткізілді. Ауланы аралау бойынша 39049 тұрғын үйде тексеру жүргізіліп, онда 28950 ӨҚЖ бұзушылық анықталды. «Қызыл Жарты Ай», «Жас Отан», «Астана жастары» КММ ұйымдарда және тұрғын алаптарда қаланың волонтерлік ұйымдарын жұмылдыра отырып, жалпы саны 4589 адамды құрайтын 278 жиналыс, жиындар, нұсқамалар мен дәрістер ұйымдастырылды.

Астанада «Үкіметтік емес ұйымдар жетекшілері үшін халықаралық донорлармен фандрайзинг және шетелдік қаржыландыру туралы есеп беру» тақырыбында оқу-әдістемелік семинар өтті.

ФАНДРАЙЗИНГ СЕМИНАРЫ



Халықаралық донорлармен жұмыс істеу принциптері мен ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында өткен семинарға ұйымдардың басшылары, жобалау және қаржы менеджерлері, бастаушы фандрайзерлер, жаңа ҮЕҰ өкілдері қатысты.

«ИНМИР» ҚҚ директоры, эдвокаси-маман Светлана Ушакова қатысушыларға халықаралық донорлармен өз ұйымының мақсаты үшін фандрайзинг өткізуге дайындау туралы түсіндірді. Спикер бастапқыда семинардың мақсатын түсіндіріп, шетелдік қаржыландыруды тарту үшін ең алдымен не істеу қажет екеніне тоқталды.

– Фандрайзинг дегеніміз – әлеуметтік маңызы бар міндеттерді, мәдени жобаларды жүзеге асыру немесе ұйымның бар болуын қолдау үшін үшінші тарап ресурсын тарту. Бір қарағанда, оның инвестор іздестіруден айырмашылығы байқалмайды. Негізгі ерекшелігі инвесторды негізгі қор құру үшін ұзақ мерзімге тартады және де инвестициядан түсетін пайданы ұзақ мерзімге жоспарлайды. Ал фандрайзингте қаржыны негізгі қор құру үшін емес, жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін жұмылдырады. Болашақ серіктестерді анықтау, оларды өз жобаларыңызға тарту үшін толық негізделген жоспар әзірлеу шарт. Яғни алдымен ұйымның миссиясын анықтап, стратегиялық жоспарлау қажет, – дейді Светлана Ушакова.

Сондай-ақ маман донорлармен қарым-қатынас орнату, сәтті өтінімді қалай жазуға болады және шетелдік қаржыландыру бойынша есептілік туралы түсіндірді.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Елордада эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова мәлімдеді.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

– Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша елордадағы инфекциялық, паразиттік, карантиндік және аса қауіпті инфекциялар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты деп бағаланады. Бұл ретте 1 жасқа дейінгі нәрестелерді, 1 жастағы сәбилерді, 6-7 жас аралығындағы балалар мен 16-17 жас аралығындағы жасөспірімдерді барлық инфекцияға қарсы егумен уақытылы қамту көрсеткіштері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының талап етілген көрсеткіштеріне жетті, – деді Сархат Бейсенова.

Бүгінгі таңда Астанада А вирустық гепатитінің 48 жағдайы тіркелген. Оның 11-і вакцинацияланбаған балалар арасында, яғни ата-аналардың профилактикалық екпелерден бас тартуына байланысты болып отыр.

Бас санитардың айтуынша, соңғы 2 жыл ішінде елордада қызылша тіркелмеді, ал ағымдағы жылы наурыз айынан бастап 14 жасқа дейінгі 6 баланың арасында қызылшаның расталған 7 жағдайы тіркелді. Барлық ауырған бала, ата-аналарының бас тартуына байланысты, қызылшаға қарсы екпе алмаған. Туберкулезге және В вирустық гепатитіне қарсы жаңа туған нәрестелерді, сондай-ақ бір жарым жастағы балаларды медициналық ауытқуларға және негізінен вакцинациядан бас тартуға байланысты оңтайлы қамтуға қол жеткізілмейді.

– Жоспарлы иммундаудың төмен қамтылуы, профилактикалық екпелерден бас тарту санының өсуі, негізсіз медициналық ауытқулар халықтың иммундық емес қабатының вакцинамен басқарылатын инфекцияларға жиналуына әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде осы инфекциялардың өсуі мен таралуы үшін қолайлы жағдай жасайды. 2023 жылға арналған бекітілген, жоспарға сәйкес, ауыз су сынамаларын іріктеудің 40 бақылау нүктесінде және 39 бақылау нүктесінде атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау үшін мониторинг жүргізіледі. Мониторинг шеңберінде атмосфералық ауаның 3582 сынамасы зерттелді, ШРК артуы келесі ингредиенттер бойынша 380 сынамада күкіртсутек, күйе, шекті көмірсутек, азот диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт диоксиді анықталды, – деді Астананың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері.

> Астана қаласы өткен жылдан бері «жасыл» аймақта тұр. Сырқаттанушылық көрсеткіші өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **52,7** есеге, яғни **6971,1**-ден **139,3**-ке дейін төмендеді. Қазіргі уақытта тәулігіне **5**-тен **15**-ке дейін жағдай тіркеледі, ауру ересектер арасында да, балалар арасында да байқалады

Ауа райының жылынуымен ашық су айдындары, атап айтсақ, Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендері мен Астана су қоймасы суының сапасына мониторинг жүргізу жоспарланған, ол үшін 20 бақылау нүктесі, мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарында, рекреация аймақтарында және нөсерлі сарқынды суларды шығару орындарында белгіленген.

Елорданың санитарлық қызметі инфекциялық аурулардың, оның ішінде қызылша мен А вирустық гепатитінің таралуын болдырмау үшін профилактикалық іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді, олар бойынша соңғы уақытта өсім байқалады.

– Жұқпалы аурулар мен тамақтан уланудың топтық жағдайлары тіркелген жоқ. Санитарлық қызмет тұрақты негізде жүргізетін жұқпалы аурулар бойынша профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың арқасында 4 нозология бойынша жағдайлардың төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Мысалы, скарлатин – 44%, желшешек – 33%, энтеробиоз және педикулез – 32%. Сондай-ақ, 4 аурудың көрсеткішін өткен жылдың ұқсас кезеңінің деңгейі сияқты ұстап қала алдық. Олар: туберкулез, серозды менингит, В және С гепатиттері, – деді Сархат Бейсенова.

Коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес, Астана қаласы өткен жылдан бері «жасыл» аймақта тұр. Сырқаттанушылық көрсеткіші өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 52,7 есеге, яғни 6971,1-ден 139,3-ке дейін төмендеді. Қазіргі уақытта тәулігіне 5-тен 15-ке дейін жағдай тіркеледі, ауру ересектер арасында да, балалар арасында да байқалады. Елорданың санитарлық қызметі инфекциялық аурулардың, соның ішінде соңғы уақытта шағын өсім байқалған қызылша мен А вирустық гепатитінің таралуын болдырмау үшін профилактикалық жұмысты тұрақты негізде жүргізуде.

ЖАҺАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ: ЖЕРДІ ҚАЛАЙ ҚҰТҚАРАМЫЗ?

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Жаһандық жылыну жер бетіндегі орташа температураның артуына себепші болып отыр. Соңғы жүз жылда температурасы шамамен 1°С-қа артты. Ауаны ластау, өнеркәсіп санының артуы, ормандарды кесу, адамдардың қоршаған ортаны қорғаудың орнына ағаштарды кесіп, құртып, қалдықтарды лақтыруы, түрлі-түрлі жағымсыз әрекеттері – бәрі-бәрі жаһандық жылынудың басты себептері болып тұр. Жер шары орташа температурасы қазіргіден 2° С жоғарылайтын болса, бұл адамзатқа ауыр апат алып келуі мүмкін. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің өсуімен қатар жаһандық температураның да өсуі атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің өзгеруіне алып келеді. Нәтижесінде табиғи катаклизмдер жиілеуі мүмкін, мысалы: су тасқындары, қуаңшылықтар, дауылдар және басқалары, жапа шеккен аймақтарда ауылшаруашылық өнімдерінің мөлшері төмендейді және басқа аймақтарда жоғарылайды (көмірқышқыл газы концентрациясының көтерілу есебінен).

САРАПШЫЛАР, ҒАЛЫМДАР НЕ ДЕЙДІ?

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым жыл сайын жаһандық климат өзгерістеріне байланысты жаңа есебін жария етіп келеді. Ұйым бұл есепке әлемнің ең үздік ғалымдар мен мамандарды ұйымдастырады, сондай-ақ аналитиктердің шешім шығаруына көмек беретін әлемдегі жетекші климаттық орталықтардың ең жоғары дәлдіктегі мәліметтерін топтастырады. Осыншалықты жоғары деңгейдегі ғылыми жұмыстардың нәтижесі шығарған қорытынды бізге қуанарлық тұжырым беріп отырған жоқ. Соған қарап та Жер шары климатының жылынуы адамзат үшін аса қауіпті деңгейде екенін білуге болады. Есепке сай, алдағы бес жыл ішінде Жер шарының орташа температурасы 2017-2021 жылдар аралығымен салыстырғанда жоғары болады. Бұл орташа температураның тұрақты түрде жоғарылау үрдісі сақтала беретінін көрсетеді, ғалымдар бұның ықтималдылығын 93 пайыз деп көрсетіп отыр. Демек, алдағы бес жыл ішінде де климатта оң өзгеріс болмайтыны анық. 2016 жылы жаһандық климат мәселесін тақырып еткен Париж конференциясы өтті. Онда әлем елдері орташа температураның жоғарылауын 2° С-қа жеткізбеу мақсатында міндеттер жүктеп алды. Онда БҰҰ-ның жаңа климаттық келісіміне қол қойылып, 2020 жылға дейін парниктік газдар көлемін азайту арқылы климат өзгеруінің алдын алу міндеттемелеріне қол жеткізілді. Алайда бұл шаралар мәселені түбегейлі шешу дегенді білдірмесе керек. Дегенмен, елдер арасындағы дамуға деген, өндіріске, ресурстарды игеруге деген өзара бәсекелестік жағдайында мұндай міндеттердің түбегейлі орындалып шығуы екіталай. Әлемдегі ірі өндіріс базалары саналатын және халық саны көп Қытай мен Үндістан секілді елдердің өндірісі әлі де болса көмірге көбірек сүйенеді. Аталған елдер өзінің шарт-жағдайына қарай жақын жарты ғасырда көмірден толық қол үзе алуы да неғайбыл. Бұл тұтас жаһанның тағдыры үшін үлкен сынақтарды алып келмек.

Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, 21-ғасырдың соңына қарай Жердің орташа температурасы 1,8 градусқа, ал тіпті нашарлаған жағдайда - 4,6 градусқа жылынуы мүмкін. Зерттеулерді Юта университетінің Чаган Шакериоглу бастаған халықаралық ғалымдар тобы жүргізген.

Жоғары температура мұздықтар, теңіз мұздары және полярлық мұздар ери бастайды, бұл теңіздер мен мұхиттардағы судың мөлшерін арттырады. Әрине, табиғаттың мұншалықты өзгеруіне жер үстіндегі емес, астындағы шикізатты да барынша игеру әсер етері түсінікті. Адамзат өз даму сатысында әзірге одан бас тартпайды. Иә, жер қойнауы барынша тоналуда, бірақ оған қарсы тұрар амал бар ма? Әр билік өз халқының мүддесінен шығуға тырысатынын ескерсек, бұл – тоқтамайтын құбылыс. 2050 жылы Жер шарындағы адамдардың саны 9 миллиардқа жететінін ескерсек, онда адамзатқа жаңа кеңістіктерді игеру уақыт талабына айналуда.

> Әлемде қазір неше түрлі табиғат құбылыстары орын алып жатыр. Климаттың өзгеруі, жылу толқындарының жиі болуы, теңіз деңгейінің көтерілуі, мұздықтардың еруі, тасқындар, құрғақшылықтар мен дақылдардың шықпай қалуы секілді табиғи зардаптар адамзатқа орасан қауіптің келе жатқанын сездіргендей. Ғаламдық жылыну бұл – парникті газдан бөлінетін ең әуелі көміртегі диоксиді мен метанның ұзақ мерзімді, кумулятив әсері. Олар атмосферада жиналып, күннің жылуын ұстап тұрған кезде жердің температурасына әсер етеді.

ҮМІТ – ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДА

Ал бизнесмендер мен саясаткерлер автоәуесқой қауымды болашақ көліктеріне отырғызуды 30 пайызға жеткіземіз деген уәделерін берсе, 2030 жылға қарай электр қуатымен жүретін көліктерді осыншама пайызға көбейтеміз деген меже де белгіленді. Қазіргі таңда жаңа технологияларды өндіріске ендіру біртіндеп болса да жүзеге асып келеді. Сол 196 ел өкілдерінің қатысуымен БҰҰ-ның ғаламдық жылынудың алдын алуға қатысты үлкен конференциясы өткен Париж қаласында такси көліктері электр қуатымен жүретіндігін айта кеткен жөн. Ал күн қуатымен ұшатын Solar Impulse 2 ұшағының жер шарын айнала ұшуды жүзеге асыруы бұл бағыттағы ізденістердің нәтиже бере бастағандығын көрсетеді. Қанаттарының жалпы ұзындығы 72 метрге жететін ұшақтың салмағы – 2,3 тонна. Негізінен, қанаттарына 17,2 мың күн батареялары орнатылса, олар электр қозғалтқыштарға қуат беріп отырады. Ұшақтың ұшу жылдамдығы сағатына – 140 километр. Сонымен Solar Impulse 2 ұшағы Атлант және Тынық мұхиттарының үстімен ұшып өтіп, өзінің тиімділігін дәлелдеп отыр. Әсіресе, соңғысының үстінен ұшу өте қауіпті екендігін ескерсек, бұл әуе жолын еңсерген ұшақтың болашағы жарқын деп айта аламыз. Ғалымдар бүгінгі таңда баламалы қуат көздерін алу технологияларын барынша дамытуды қолға ала бастады. Күн мен желдің, тіпті, теңіздің тербелісінен қуат алып келе жатқан адамзат жауған жаңбырдан да қуат көзін алуға дағдыланып келеді. Жақында қытайлық ғалымдар күн көзінен қуат алу қондырғыларына жаңбыр суынан да электр қуатын өндіре алатын қоспа ойлап тапқаны белгілі болды. Осылайша ғалымдар айтарлықтай табыстарға қол жеткізе бастады. Орайы келгенде айту керек, егер сол Нью-Йорктегі қабылданған қарар орындалар болса, онда 2030 жылға қарай көмірқышқыл газының көлемі 4,5-8,8 миллиард тоннаға кемиді екен. Бұл – миллиард автокөліктің шығаратын көміртегімен пара-пар деген сөз. Қорыта айтқанда, адамның жерасты қазба байлықтарын тұтынуы барынша жалғаса беретінін уақыт көрсетіп отыр. Ал ол өз кезегінде CO_2 және өзге де парниктік газдар көлемінің артуына алып келмек. 1895 жылдың өзінде ғалымдар бұлардың жерді жылытатынын білген деседі. Қазіргі таңда CO_2 көлемінің бұрынғыға қарағанда екі есеге жуық артып отырғандығы белгілі. Сондықтан да Жер шарындағы елдердің БҰҰ аясында ортақ шешімге келіп, алдағы уақытта орын алуы мүмкін апаттардың алдын алуға жасаған қарекеттері маңызды.

АСТАНАДА ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ?

Бас қаламыздың экологиясы – басты мәселенің бірі. Ауа ластанбай, тазалық сақталған жерде ғана қоршаған ортаға зиян келмейді. Бірақ, бас қаладағы экологиялық ахуал сын көтермейді. Елордадағы газдандырудың бәсең болуынан Астана қаласы көк түтіннен арылмай отыр. Астананың іргесіне газ келгенде «қыс мезгілінде қаланы торлаған көк түтіннен құтылатын болдық, бас қала тұрғындарының барлығы газға қосылса, қала экологиясы жақсарады» деп бәріміз қуанған едік. Арада 2-3 жыл өтсе де қаладағы көк түтін мен көмірдің қошқыл иісінен құтылғанымыз жоқ. Бұл өзекті мәселені «Астана ақшамы» бірнеше рет жазды. 31 қаңтарда Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бұл мәселеге арнайы тоқталып, қаланы газдандыру жұмысының сылбырлығын сынға алды. Астана жаппай газға қосылса, ауадағы әртүрлі экологиялық зиянды қалдықтардың мөлшері азаяды. Газ бен көмір қалдықтарының арасындағы айырмашылық 10 есеге дейін жетеді. Яғни, газ тартылған соң, қалаға зиянды қалдықтардың таралуы 10 есеге азаяды. Бас қалада көмір жағатын жер үйлер аз емес. Оның үстіне, елорда төңірегіндегі Қосшы, Қоянды, Жібек жолы, Қызылсуат, Қараөткел сияқты көмірмен күн көретін ауылдардың да көк түтіннің қаланың ауа сапасына әсер етіп отырғаны шындық. Қаланы да, осы елді мекендерді газдандыру жұмысын тездетудің маңызы зор.

ҚОҚЫСТАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Қоқыс және оларды жою мәселелері де экологияға қатысты өзекті. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегінше, республика бойынша рұқсат етілген 3 мыңға жуық қоқыс полигоны бар. Десе де, оның 21 пайызы ғана экологиялық және санитарлық нормаларға сай. Демек елімізде қоқыс мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр.

Шетелде де бұл проблема маңыздылығын жойған жоқ. Әлемде жыл сайын 2 млрд тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылады. Бұл – қоқыс мәдениетінің дүние жүзінде бірізге қойылмағанының көрінісі. Сарапшылар тіпті 30 жылға жуық уақытта қоқыс көлемі 70 пайызға өсіп, 3,4 млрд тоннаға жетеді деген пікір айтып жүр. Сондықтан еуропалық комиссия қайта өңделген өнімдерді пайдалануды арттыру бойынша ұсыныстарды жариялауды жоспарлап отыр. Өйткені пластиктің шамамен 40 және қағаздың 50 пайызы қаптама үшін пайдаланылады екен. Ал бұл тұрмыстық қатты қалдықтардың 36 пайызын құрайды. Егер Еуропарламент пен Еуропалық Кеңестің, ЕО-ның 27 үкіметінен тұратын топ мақұлдаса, 2025 жылға қарай шамамен 65 және 2030 жылға қарай 70 пайызға қоқысты азайту көзделіп отыр.

ЕГЕР ЖАҺАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ ЖЫЛДАМ ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН БОЛСА, ҒАЛЫМДАРДЫҢ БОЛЖАУЫНША, 50 ЖЫЛДА МҰЗДЫҚТАР ЕРІП БІТЕДІ. ЖАҒАЖАЙДАҒЫ ЕЛДЕР СУҒА БАТЫП, ЖЕР ШАРЫН МҰЗ БАСАДЫ. АУАНЫҢ ОРТАША ТЕМПЕРАТУРАСЫ 10-15 ГРАДУСҚА ТӨМЕНДЕЙДІ

Елімізде қоқыстың мөлшері 160 млн тоннадан асты. Жылына шамамен 4,5 млн тонна тұрмыстық қалдық жиналады десек, мұның тек 15 пайызы ғана өңделеді. Бұл да көңіл көншітпейді. Кейбір аймақтарда тіпті қайта өңдеу зауыты жетіспейді.

Қазір елімізде қоқысты өңдеу мақсатында біраз шара қолға алынып жатыр. Республикада қатты қалдықты қайта өңдеп, энергетикалық отынға айналдыратын 6 зауыт салынбақ. Жоспар 2025 жылға дейін жүзеге асырылады деп бекітілген. Экология министрлігі өткен жылы тендер жариялау арқылы Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Өскеменде зауыттар салынып, ендігі үш жылдан кейін жұмысын бастайды деп жоспарланып отыр. Осылайша, Қазақстан 2025 жылға дейін қоқысты сұрыптап өңдеуді 30 пайызға, өртеуге жіберетін қоқысты 20%-ға жеткізуді көздеп отыр, ал қалған 50 пайызы қоқыс полигонында сақталмақ.

Астана қаласында қатқыл тұрмыстық қалдықтарды көмуге рұқсат етілген бір полигон бар. Сонымен қатар, қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу бойынша «Алтын ТЭТ» ЖШС зауыты іске қосылды. Аталған қоқыс өңдеу кешенін іске қосу қалдықтарды пайдаға асыруға оңтайлы әсер етуде. Кешеннің жобалық қуатына толық көшуі қатқыл тұрмыстық қалдықтардың 80%-ын қайта өңдеуге, ал 20%-ын көміп тастауға мүмкіндік береді. Медициналық қалдықтар арнаулы қондырғыларда өртеледі, экологиялық заң баптарына сәйкес, аталған қызмет түрімен айналысатын кәсіпорынның қолында мемлекеттік экологиялықсараптаманың қорытындысы мен қоршаған орта эмиссияларына рұқсаты болуға тиіс.

Жаһандық жылынуға жеткізген экологиялық ахуал, қоршаған ортаның жыл сайын нашарлауы, адамзат тіршілігі үшін қауіпті болып отырғанын айтуымыз қажет.

«Әлемде ауа температурасы +3 градусқа көтерілсе, мұзды мұхит, Антарктида еріп, мұхиттағы су деңгейі өсіп, ол өз кезегінде ауызсудың тапшылығына әкеледі. Париж келісімі бойынша ауа температурасын +2 градусқа дейін ұстау керек. Қазақстан осы келісімге қол қойса да, энергияның балама көздерін табуға байланысты әрекет етіп жатқан жоқ. Осы 100 жыл ішінде біздің ғаламшарымыздың өмірі мен болашақтағы тіршілігі қандай болатыны белгілі болады. Жаһандық жылынудың қаупі – ол адамзатты ақыр заманға алып келуі мүмкін. Ауызсу таусылса, жер бетіндегі 8 млрд адам сусыз қалады, құрғақшылық орнайды» дейді эколог мамандар.

Егер жаһандық жылыну жылдам жүзеге асатын болса, ғалымдардың болжауынша, 50 жылда мұздықтар еріп бітеді. Жағажайдағы елдер суға батып, Жер шарын мұз басады. Ауаның орташа температурасы 10-15 градусқа төмендейді. Ауа температурасының өзгеруінен сезімтал адамдар қатты зардап шегіп, көз жұмады. Ағаштар климаттың өзгеруіне өте баяу бейімделетіндіктен, жойылып кетеді. Боран, дауыл, құйын, су тасқыны секілді апаттар жиілей түседі. Ауызсулардың тапшылығы орын алып, түрлі эпидемиялар мен аурулардың пайда болуына әсер етеді. Осы орайда жаһандық соғыстың орнау қаупі де жоқ емес.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қазіргі кезде жаһандық жылынуды алдын алу үшін тың идеялар айтылып, тәсілдер ойластырылуда. Энергоресурстарды пайдалану мәселесі, парниктік газдарды, соның ішінде көмірқышқыл газының атмосфераға таралуына тосқауыл болуға әсер ететін әдіс-тәсілдер бар. Мәселен, парниктік газдардың ауаға таралуын тежеу – организмдерді жерлеу мен жасанды ағаштарды пайдалану арқылы жүзеге аспақ. Әрине, мұндай құрылғыларды жасап шығару үшін уақыт пен қыруар қаражат керек. Экологтардың айтуынша, жаһандық жылынудың алдын алуға болады. Ол үшін әлем елдері келісімшартқа отыру керек. Қазіргі кезде Еуропа елдерінің бірқатары балама энергия көздеріне 30-40%-ға көшті. Осы бағытта Америка, Еуропа елдері жақсы жұмыс жасап жатыр. Қазақстан, Ресейге жаһандық жылыну мәселесін алдын алуға байланысты қыруар жұмыс атқару керек. Мәселен, біздің елімізде балама энергия көзін пайдалану тек 1% ғана. Бұл – өте мардымсыз жағдай. Жер шары мен ұрпағымыздың болашағын ойласақ, бұл мәселеде көп жұмыс атқаруымыз қажет. Ал қазіргі жағдайда АҚШ пен Қытай зиянды, әрі қауіпті газдарды атмосфераға шығару бойынша бір-бірімен жарысқанын тоқтатпайтынын ескерсек, адам өз денсаулығы мен болашағын шетке ысырып отырған уақытта жаһандық жылыну мәселесінде ілгерілеушілік болмайтыны анық.

№47 (4480) 22/04/2023 Сенбі

БОС УАҚЫТ ТИІМДІ БОЛСЫН

Астана қалалық мәслихатының отырысында Білім беру басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған спорттық, ағартушылық және мәдени іс-шараларды өткізу, есептің барлық түрлерінде тұрған кәмелетке толмағандар үшін бос уақытты ұйымдастыру туралы баяндама жасады.

Қазіргі уақытта мектептегі білім беру аясында жүзеге асырыла бермейтін салалар бойынша балалардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты білім беру қызметі кеңейіп келеді.

Балалардың бойында ұлттық құндылықтарды дарыту және бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында, жаңа оқу жылынан бастап бірқатар іс-шаралар өткізіліп, «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы бекітілді. Аталған тұжырымдама негізінде қосымша білім беру және білім беру ұйымдары арасында: сергіту сәті, әнұран айту, асық ату, шығарма жазу, болашаққа хат, қазақ есебі, оқуға құштар мектеп, домбыра, шахмат ойнау, жасыл мекен челлендждері жүзеге асырылып келеді.

Қосымша білім берудің маңызды көрсеткіштерінің бірі – балалардың бұқаралық спорт түрлерімен белсене айналысуы. Мектептен тыс ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептерде спорт секцияларымен қамтылған білім алушылардың үлесі 44,5% құрайды. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында 910 спорт секциясы жұмыс істейді.

92 білім беру ұйымдарында ашық ауада көпфункционалды спорт алаңдары (жүгіру жолдары, футбол, баскетбол және волейбол алаңдары) бар.

88 мектепте футбол алаңдары, 71 мектеп баскетбол алаңдары, 67 мектепте волейбол алаңдары, 8 мектепте стационарлық хоккей корттары, 10 мектепте теннис корттары бар.

Ұлттық ойындарды насихаттау және ұлттық спорт түрлері бойынша спорт секцияларында (қазақ күресі, тоғызқұмалақ) айналысатын балалардың санын арттыру мақсатында 2020 жылдың қазан айында «Өркен» балалар-жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының құрылымдық бөлімі «Арқа Алан» орталығы ашылды және әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша спорт секцияларында оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру және әскери-патриоттық бағыт бойынша дене шынықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу мақсатында 2021 жылы «Жас тарлан» әскери-патриоттық спорт орталығы ашылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алудағы маңызды алдын алу шараларының бірі – балаларды қосымша біліммен қамту.

Білім беру ұйымдарында 2183 үйірме мен секция жұмыс істейді, онда 151 104 бала айналысады. Қала бойынша қосымша біліммен қамту 76% құрайды.

Білім басқармасы мен ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары балалардың құқықтарын қорғау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, суицидтік мінез-құлықтың және зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алу бойынша жұмысты жалғастыруда.

Тоқсан сайын қалада қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, мектепішілік есепке, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі топтың есебіне мониторинг жасалады. Барлық жағдайлар бойынша кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналары құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектепішілік кеңестерге шақырылады, отбасымен және жасөспіріммен жұмыс жүргізіледі. Өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен отбасылар анықталған кезде материалдар кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға қарау үшін жіберіледі.

Жасөспірімдер қылмысын азайту мақсатында:

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді. 5-8 сыныптарда курс 5 бірліктен тұрады: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта қосымша «Зайырлылық және дінтану» бірлігі енгізілген.

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының құқықтық сауаттылығын арттыру үшін 87 білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджердің штат бірлігі енгізілді.

Әрбір білім беру ұйымының әлеуметтік паспорты баланың жұмыспен қамтылуын, үлгерімін, сондай-ақ қажеттіліктерін көрсете отырып, қаланың ювеналды полиция бөлімінің есебінде, мектепішілік есепте тұрған оқушылар туралы мәліметтер жасалды (бала болашақта немен айналысқысы және болғысы келеді).

Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап Астана қаласы сотының бастамасымен «Ізгілік жолы» ҚБ ведомствоаралық өзара іс-қимыл туралы меморандум шеңберінде әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда.

Ювеналды инспекция және пробация органдарымен өзара іс-қимыл арқылы жобаға есепте тұрған 18 жасөспірім тартылды, оларға тұрақты негізде білікті психологиялық көмек, бұдан басқа, баланың жеке қалауына сәйкес кәмелетке толмағандарға емтиханға дайындық курстары бойынша және спорт секцияларға қатысуға көмек көрсетіледі.

Білім басқармасы Ведомствоаралық (прокуратура, сот, төтенше жағдай департаменті, денсаулық сақтау басқармасы, полиция департаменті және т.б.) диалог алаңы арқылы «Қауіпсіздік сағаты» жаңа қалалық жобасын жүзеге асыруда. Жоба аясында қаланың 20 мектебі мен 4 колледжінде ата-аналар жиналысы өткізілді, оған 7000-нан астам ата-ана қатысты.

Педагогтар, оқушылар және олардың ата-аналары арасында «BalaQorgau» веб-сайтының жобасы бойынша QR-кодтары бар орналастырылған ақпараттық тақтайшалар бойынша түсіндіру жұмыстары жалғасуда.

Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВ,
Астана қаласы
Білім басқармасының
басшысы

МЕКТЕПТЕГІ МУЗЕЙ

АБАЙТАНУДЫ ДӘРІПТЕЙДІ

Елордадағы №87 мектеп-гимназиясының ұстаздары тәлімгерінің зердесін оятып, рухани таным-түсінігін тереңдетуде Абай іліміне сүйенеді. Дұрысы, ғұламаның дүниетанымы мен көзқарасын дәріптеу арқылы саналы білім, тәлімді тәрбие беруге мән береді. Ал рухани-танымдық жұмыста мектеп қабырғасындағы Абай музейі септеседі.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Бізді қарсы алған білім ордасының директоры Айгүл Оңдағанқызы:

– Біздің гимназия Абай атымен аталатындықтан, ақын мұрасымен тығыз байланысты. Мақсат – білімді, тәрбиелі «толық адам» қалыптастыру. Құндылықтарымыз Абайдың талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым концепциясымен үндеседі. Қысқасы, бала Абай, ақын Абай, хакім Абай бойынша білім беретін елдегі бірегей мектептіз. Мұны мектеп музейі, «Абай» дебат клубы, «Абай нұры» газеті және тағы басқа рухани-танымдық қозғалыстар арқылы дамытамыз, – деп мән-жайды түсіндірді.

Мектептегі музейді жабдықтап, ақын шығармашылығы мен мұрасын насихаттауға абайтанушы Алмахан Ғабдуллина жауапты екен.

Семей қаласындағы Абай қорық-мұражайында ұзақ жылдарда мәдени-ағарту қызметін істеген маманды әңгімеге тартып, мектеп музейінің ерекшелігін сұрадық.

– Бала Абайды білмей, ақын Абайды, ақын Абайды білмей, дана Абайды тану мүмкін емес. Сондықтан хакім Абайды сатылап оқыту маңызды. Музейдегі жәдігерлер Абайдың болмыс-бітімін үш бөлімге бөліп, қарастырып, соған сай жәдігерлерді құрдық. Міне, біздің рухани-мәдени орталығымыздың басты ерекшелігі осы, – деп сөзін бастады музейші.

Елорда төріндегі мектеп музейі Семейдегі Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейімен тікелей байланысты дамуда. Көп жәдігердің көшірмесін сол жақтан алған-ды. Олардың арасында тек мектеп музейінде кездесетін құнды жәдігері де бар. Ол – Шәкәрім қажының келіні Фатиманың жібектен жасалған бөртпе шәлісі. 1945 жылы шыққан газеттің көшірмесін де көруге болады. Бұл тігіндіде Абайдың 100 жылдығы қалай өткені туралы жазылыпты. Абайдың өзі жасаған тұмар домбыра да музейдің төрінде тұр. Ақынның бейнелеу әлемі, музыкалық мұралары және аудармалары туралы да құнды ақпараттарды музейден табуға болады.

– Біздің оқушылар музей ісіне белсенді араласып, Абайдың таным-түсінігі мен болмыс-бітімін тану үшін музейге жиі келеді. Мұндағы жәдігерлерді мектеп қонақтарына өздері таныстырады. Сөйтіп, абайтануға өздерінше үлес қосып жүр. Мектептегі музейдің негізгі мақсаты да осы емес пе?! – дейді ол.

Абай желілік мектептерінің қатарына кіретін білім ордасының әр қабырғасында Абайдың тағылымын тануға әбден болады. Әрі оқушылары да ақынның өлеңдерін жатқа оқып, қара сөздерінің мән-мағынасын тарқатуға тырысты. Қысқасы, мектеп қабырғалары Абайды дәріптесе, оқушылары Абайша ойлауға дағдыланады екен.

Сұлтан СЕЙІТ

МАСЫЛДЫҚ МҰРАТҚА ЖЕТКІЗБЕЙДІ

«Қазір дәмету тым көбейіп кеткендей. Дәметудің арты сұраншақтық, жалтақтық, жалпақтаушылық, жалқаулыққа жеткізеді. Оның соңы еріншектікке әкеледі. Еріншектіктен масылдыққа жету – бір-ақ қадам». Сенатор Нұртөре Жүсіп «Масыл болма, асыл бол!» атты мақаласында қоғамдағы өзекті мәселеге осылай назар аудартады.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Рас, тіленшектік пиғылымыз бар. Өтірік емес. Бүгінде бұл қасиет байға да, кедейге де ортақ. Байлар мешітке барып қайыр сұрамаса да, Үкімет ұсынған жеңілдіктерді алуға асығады. Кеше Президент Үкімет отырысында субсидия мұқтаж адамдарға жетпей жатыр дегені дәлел болады. Мұны масылдық демей не дейміз?!

Бірде халықты жұмыспен қамту орталығының маманымен пікірлес болдық. Ортақ әңгіме атаулы әлеуметтік көмек төңірегінде өрбіді.

– Әкімнің тапсырмасына сай, атаулы әлеуметтік көмекке құжат әзірлеу барысында болған заң бұзушылықтың алдын алу және қаржының мақсатты берілуіне талдау жасау жөнінде жұмысшы топ құрылып, зерттеу жұмысы жүргізілді. Сөйтіп, қаржылай көмекті алатындардың әлеуметтік жағдайын көруді жоспарладық. Сенесіз бе, көрсетілген мекенжайлар бойынша зәулім үйлерге бардық. Коттедж иесінен атаулы әлеуметтік көмекті не мақсатта жаратып отырғанын сұрадық. Отағасы білмейтін болып шықты. Сөйтсе, әйелі құжат дайындап, таныстары арқылы өткізіп жібергені анықталды. Қазір алған қаржыны өтеуде, – деп әңгіменің ұшын қылтитты ол.

Қазір «Не берсе де қайырымен берсін!» дейтін қазақ қайда, «алсам, ала берсем!» деген пиғыл басым болып тұр. Мейлі субсидия болсын, мейлі қайтарымсыз грант болсын, әйтеуір Үкіметтен жеңілдікпен келетін қаржыны белден басып қалуға тырысатын адамдар көбейді. Тіпті Астана қаласында бір шаңырақтың астында тұратын мемлекеттік және бюджеттік сала мамандары арасында заңды түрде ажырасқандары да бар. Ерлі-зайыпты бірге тұрады, бірақ формальді түрде ажырасып алған. Өйткені жалғызбасты ананың тұрғын үйді алуға мүмкіндігі мол, екінші жағынан, бала-шағасына жәрдемақыны тағы алады.

Қазақ қоғамындағы үлкен проблеманың бірі – масылдық. Масылдықты кеселге балайтын әлеуметтанушылар да бар. Енді бірі мұқтаждық пен масылдықтың аражігін ажыратуды алға тартады. Жалпы, масылдық дегеніміз не? Жұмысқа құлқы жоқ, біреудің еңбегімен жатып ішуге дағдылану, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді дұрыс санайтын психологиялық түсінікті жатқызады. Ондайлар көп пе? Ол жөнінде нақты ақпарат жоқ. Дегенмен қазақ қоғамын тұңғиыққа батыратын кеселдің біріне айналды.

Осындайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өскелең ұрпақ масылдық ниет пен бос сөзден арылып, еңбек етудің маңызын түсінуі керек дегені ойға түседі.

Әлеуметтанушылар біреудің есебінен өмір сүру, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп күн көру, қиындыққа төзімсіздік таныту, жеңіл табыс табуға ұмтылу сынды жағымсыз қылықтар әсіресе нарық заңдылығына негізделген қоғамда айқын байқалатынын айтады. Адамның еңбекке деген қабілет-қарымы, ынта-жігері төмендігінен оның еңбегіне деген сұраныс азайып, нәтижесінде сенімсіздік пайда болады. Оның арты «масылдық психологиясына» әкеледі.

Қоғам белсенділерін сөзге тартып, масылдық тақырыбын өзек еттік. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпыз. Есік алдындағы жерді кәдеге жаратып, қап көтеріп, құрылыс істеп, сауданың көркін қыздырып, отбасын асырап жүрген ерлер аз емес. Алайда пікірлестердің көбі еңбек бәсекесінде қабілетіміз төмен екенін мойындады.

Менің бір арманшыл көршім бар. Ауызбен үй тұрғызады, қымбат көлік алады, іргелі шаруашылық құрып, ауылдастарын жұмыспен қамтиды. Сөзбен бәрін қатырады. Бір жылы арманын қалқан етіп жалға жер алды. Сөйтіп қауын, қарбыз екті. Бақша дақылдары мерзімінде пісті. Қырсыққанда, өткізетін жер таппады. Қауын далада ағып кетті. Көршім осыған әкімдікті бір кінәлады, саудагерді бір кінәлады. Алайда өзінің жігерсіздігін, бәсекеге қабілетсіздігін мойындағысы келмеді. Бүгінде арман кемесіне мініп, әлі қиялдап жүр...

Кәсіпкерлер сенімді жұмысшыны көп іздейді. Жаңабек Тұрғанбаев есімді кәсіпкер Facebook-тегі аккаунтыма жарнама шығаруымды өтінді. Мақсаты – жұмысшы табу.

Ол адамдардың пиғылына таңғалып:

– Бір әйел қаржылай демеу көрсетуімді сұрап келді. Бердім. Арада бірнеше ай өткенде тағы келді.

Оған:

– Күйеуің бар ма? – дедім.

– Бар, – деді.

– Онда маған жұмысқа келсін. 140-150 мың теңге жалақы төлеймін, – дедім.

– Ол грузчиктің жұмысын істеуге намыстанады. Ақша бересіз бе, әлде кете берейін бе? – деп жауап қатты.

Екі жасқа толмаған баласымен келгендіктен, қолына тағы ақша ұстаттым. Одан кейін әлгі әйел маған қайтып келген емес, – деп болған оқиғаны айтты.

Бүгінде шағын және орта бизнес саласында жұмысқа сұраныс бар. Егер сенімге кірсе, кәсіпкерлер оның әлеуметтік жағдайын шешіп беруге де дайын. Оған мысал да көп.

Шүкір, тұрақтылық пен тыныштықтың арқасында түзу заманда өмір сүрудеміз. XX ғасырдың қасіретіне көз салсаңыз – алапат аштықтан азшылыққа ұшырап, тарих бетінен жойылып кетуге шақ қалдық, қуғын-сүргінде асылымыздан айырылып, ескексіз қалған кеменің күйін кештік, ал соғыста қаншама ердің демі үзіліп, ұлттық мінезден айырылдық. Қаламгер Нұртөре Жүсіп айтқандай, сонда да ертеңгі күннен үмітін үзбеді. Ұрпақ үшін өмір сүрді.

Бізге дәл қазір жетпей жатқаны – ұрпақтың қамын ойлау, ертеңге сену. Сонда ісіміз оңалады. Қысқасы, масылдық мұратқа жеткізер жол емес. Осыны түсінейік!

P.S: ***Мемлекет басшысы халыққа мұқтаждық пен масылдықтың аражігін ажырата білу қажеттігін жиі айта бастады. Расында да, кім шын мұқтаж, ал кім масыл екенін анықтау қиынға айналды. Жалпы масылдық психологиясы – елді орға жығатын жол. Содан сақ болайық!***

АҚ ЖАУЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ДҰРЫС ПА?

Кез келген мемлекет іргетасының берік болуы саналы ұрпақ өсіретін отбасының мықты, негізгі функцияларының сақталуына байланысты. Ақыл-ойы дұрыс, дені сау азаматтарды мемлекет өркендеуінің кепіліне де жатқызады.

Айгүл УАЙС

Осы уақытқа дейін қазақтардың жеті атаға дейін қыз алыспайтын қан тазалығы себеп болды ма, жастардың неке алдындағы денсаулығына аса мән беріле қоймаған екен. Алайда қазіргі қоршаған ортаның бұзылуы, моральдық құндылықтардың ауысуы, жастардың отыздан асқанша отбасын құрмауы, медициналық қызметтің сапасы бұл мәселені қарауға негіз болатын сияқты. Жастардың өз денсаулығына мән бермегендігінің зардабы жоқ емес. Еліміздегі шайқалған шаңырақтың әрбір бесіншісі баласыздықтан екен. Одан бөлек, былтыр Денсаулық сақтау министрі мүмкіндігі шектеулі балалардың саны төрт мыңға көбейді деген дерек таратқан болатын. Яғни былтырғы қаңтардағы мәлімет бойынша кемтар балалардың саны – 98,2 мың. Аз емес.

Байқап отырсақ, көптеген елде жастар некеге тұрмас үшін алдын ала дәрігерлік тексеруден өтіп, болашақ балаларының денсаулығының мықты болуын алғашқы күннен бастап қолға алады екен. Бізге ерсі көрінсе де, бұл ұлт саулығының іргетасын қалайтынын түсінуіміз керек. Некелесер алдында міндетті түрде өтетін медициналық тексеру арқылы жастар өзінің денсаулығы туралы алдын ала біледі. Егер шамадан тыс ауытқу анықталаса, онда екі жақ та маңызды қадам жасар алдында мықтап ойлануға мүмкіндіктері бар.

Шетелде бұл мәселе қалай шешілетінін қарастырайық. Бұл жерде ескеретін нәрсе – көптеген батыс елдерінде, АҚШ, Канада сияқты дамыған мемлекетте азаматтар ержетіп, есейген шағында ғана некеге отырады. Біздіңше айтқанда, өз қолы аузына жетіп, оқуын бітіріп, қызметке орналасып, тұрмысын түзеп, баспанасын да жасап алғанда ғана отбасын құруды, бала сүюді жоспарлайды. Сол себепті де таңдаған серігінің денсаулығының мықты болуы – сау ұрпақты дүниеге әкелуінің кепілі. Мұндайда жаңылыс қадам жасамауға тырысады. Сол үшін де Америка Құрама Штаттарында некеге тұратындардың басында болмауы тиіс аурулардың тізімі бекітілген. Оның қатарына гепатит, ВИЧ инфекциясы, туберкулез, кейбір психикалық аурулар, бедеулік, нашақорлық жатады. Аурудың бар екенін жасырған кезде немесе бұрын арнайы тізімге енгізілген кеселмен ауырғанын айтпаса, бұл да – некені болдырмайтын себептің бірі.

Дәл осындай пікірді италиялық заң шығарушылар да қолдап отыр. Польшада «ерлі-зайыптылардың біреуінің психикалық ауруы немесе деменциясы отбасылық өмірге немесе болашақ ұрпақтың денсаулығына қауіп төндіреді» деп санайды. Мексикалық жас жұбайлар медициналық анықтама мен қан талдауын некелесер алдында неке тіркейтін орынға көрсетуі тиіс. Бұл заңмен бекітілген. Алайда болашақ жұбайлардың ауруы неке үшін кедергі емес. Егер өз келісімін беріп, оған қатысты тәуекелді қабылдап, жауапкершілігін мойнымызға аламыз деп ресми құжатқа қол қойса болғаны.

Франция Азаматтық кодексі бойынша ерлі-зайыптыны тіркейтін ресми органға медициналық тексеруден өткенін растайтын анықтама тапсыруы тиіс. Украинаның Отбасы кодексінде жас жұбайлар денсаулық жағдайы туралы бір-бірін хабардар етуі тиіс. Егер біреуі денсаулығы туралы мәліметті жасырса, неке заңсыз деп есептеледі. Молдованың Отбасы кодексінде некеге отыратындар тегін медициналық тексеруден өтеді. Латвияда некеге тұрар алдында қалыңдық немесе күйеу баланы медициналық тексеруден өткізуді заңмен міндеттейді.

Өзбекстанның заңнамасында да медициналық шаралар некеге отыратын жастарға міндетті, ал егер елуден асқандар шаңырақ көтеретін болса, онда олардың өз келісімімен ғана жүргізіледі. Әзербайжандық жұбайлар да жыныстық ауруларының жоқ екенін дәлелдеуі тиіс. Тәжікстанда да қандас жақындарымен некеге отыруға рұқсат етілмейтін болды, олар да міндетті медициналық тексеруден өтуі тиіс. Бұл туабітті, тұқым қуалайтын кеселге ұшыраған балардың санын кемітеді делінген. Ресейдің кейбір бөлігінде заңды күші болмаса да, мешітте некесін қиятындарға жұқпалы ауруы жоқ деген анықтама өткізуді талап етеді. Бұған гепатит В және С да енгізілген.

Түркияда неке қиюды тіркеу кезіндегі басты құжаттың бірі – денсаулық туралы анықтама. Рентген, жалпы қан талдауы, анемияға, гепатитке, мерезге, СПИД-ке қарсы тест. Кейбір жұқпалы ауруға арналған тесттен өтуі керек. Жас жұбайларға дәрігер кеңесі беріліп, қалыптағы жағдайды түсіндіреді. Дегенмен мұны қолдайтындар да, адам құқығы бұзылды дейтіндер де жетерлік. Әлем тәжірибесінде мемлекет өз азаматтарының денсаулығы мәселесіне қаншалықты қатты көңіл бөлсе, бұл талап сақталып отыр. Мұндай нормалардың болуы асығыс некелер санын азайтады, адамдардың денсаулық деңгейін арттырады. Азаматтар, ең бастысы, ауыр дертке шалдыққан балалар саны кемитінін алға тартады. Десе де міндетті түрде медициналық тексеруден өтуді мәжбүрлеу некеге тұрушылардың санын азайтып, олардың некесіз тұра беруіне жол ашады деген қауіпті де жоққа шығармайды.

Біздің елімізде сот шешімі бойынша заңды күшіне енген психикалық ауруы немесе ақыл-есі кем болғанының салдарынан жоқ дегенде біреуі әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға неке қиюға жол берілмейді.

№47 (4480) 22/04/2023 Сенбі

«400 ТӘТТІ ТАҚПАҚ»

Астанада өтіп жатқан «Eurasian Book Fair-2023» көрмесі аясында Баянғали Әлімжановтің «400 тәтті тақпақ» атты балаларға арналған жаңа жинағының тұсауы кесілді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Көлемі 128 беттен тұратын бұл кітапта әртүрлі тақырыптар қамтылған. Қазақтың тыйым сөздерін пайдалана отырып жазылған, қыстырма суреттер қоса берілген жинақ балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, еңбекқорлыққа баулиды. «Жинақ ата-аналарға, балабақша тәрбиешілеріне және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған таптырмас көмекші құрал» дейді туынды авторы.

– «400 тәтті тақпақ» кітабының ерекшелігі балаларға қажетті барлық тақырыптар қамтылған деуге болады. Отбасы, Отан, мектеп, т.б. Бұл – балалар үшін рухани азық. Бастауыштан бастап 5-сыныпқа дейінгі балалар оқи алады. Сондай-ақ бұл жинақ – ата-аналарға, балабақша тәрбиешілеріне, бастауыш мектеп мұғалімдеріне таптырмайтын көмекші құрал. Ана тілімізді балалардың санасына сіңіріп, оның қасиетін сезініп өсуіне өте пайдалы кітап, – дейді ақын, драматург, жыршы-жырау, манасшы Баянғали Әлімжанов.

Жинаққа енгізілген өлеңдер ұғымға жеңіл, жаттауға ыңғайлы, ойда тез қалады. Әр шумақтан ұлттық тәлім-тәрбиенің иісі бұрқырап тұр.

ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ – «ҚЫЗ ЖІБЕК»

Жуырда «Астана Опера» театрында тыңдарман қауым назарына Ғ.Мүсіреповтің либреттосына қойылған Е.Брусиловскийдің ұлттық опера маржаны – «Қыз Жібек» операсы ұсынылды. Спектакль көрнекті мәдениет қайраткерлерінің атаулы мерейтойлық даталарына – Т.Жүргеновтің 125 жылдығы мен Ж.Шаниннің 130 жылдығына орайластырылды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

– Біз опера жауһарын орындауды қазақ өнерінің дамуына зор ықпал етіп, 1934 жылы «Қыз Жібектің» алғашқы қойылымын жүзеге асыруға зор үлес қосқан белгілі тұлғаларға арнадық. Осы қойылыммен операны жазуға бастама жасаған Темірбек Жүргенов және Құрманбек Жандарбековпен қатар қоюшы режиссер ретінде қатысқан Жұмат Шаниннге деген құрметімізді білдіреміз. Сонымен қатар біздің театрдағы аталмыш спектакльдер жарқын вокалистердің маңызды дебюттерімен аталып өткенін айта кеткен жөн: қойылымның бірінші күні Төлегеннің партиясымен сахнаға алғаш рет Astana Opera Халықаралық опера академиясының тыңдаушысы Талғат Аллабірінов шықса, келесі күні Қарлығаш бейнесінде театр солисі Елена Ганжа өз дебютін жасады, – деді спектакльдің дирижері Руслан Баймурзин.

«Астана Опера» солисі Елена Ганжа осы операда Дүрия бейнесінде бірнеше рет сахнаға шыққан, ал қазір Қарлығаш образын жарқырата танытты.

– Маған кейіпкерім өте қатты ұнады, сондықтан менің көптен бері осы партияны орындап, Қарлығаштың Төлегенге деген қарындастық ыстық ықыласын, ағасын қалай қолдайтынын, көмектесетіндігін, бауырына бағыт беріп, керек кезінде сабырға шақыратындығын көрсеткім келді. Сондай-ақ бұл жерде музыкалық тұрғыдан ашылып, дауыстың сұлулығын көрсетуге мүмкіндік беретін тамаша әуенді керемет ария бар. Дыбысталуды мінсіз жеткізу үшін айтылу бойынша көп еңбекті қажет ететін жұмыс жүргізілді, – дейді Елена Ганжа.

– Сахнаға жаңа партияны алып шығу – бұл әрдайым толқыныс, өз кейіпкеріннің қырларын барынша ашуға, кейпіне еніп, кейіпкерді барлық басқа интерпретацияға ұқсамайтын жаңа жағынан көрсетуге деген ұмтылыс, өзіндік бір дүние қосу. Бақытыма орай, партия менің болмысыма «құйып қойған көйлектей» дәлме-дәл келді. Әрине, әрбір жаңа партия әрқашан өсу болып табылады. Біз өзіміздің шығармашылық жолымызда үздік болуға, жетілуге, шеберліктің тың қырларын ашуға тырысамыз, – деп сөзін жалғады солист.

Болашағынан зор үміт күттіретін жас тенор Талғат Аллабірінов үшін Төлегеннің партиясын орындау үлкен сахнадағы алғашқы басты рөлі болды.

– Мен бұл күнді тағатсыздана әрі шабыттана күттім десем болады, бәрі жоғары деңгейде өтеді деп үміттендім және сендім, себебі алғаш рет бас партияны орындау менің әртістік жолымдағы маңызды парақша ғой. Достарым, әріптестерім солистер, хор, оркестр, дирижер – барлығы да зор демеу көрсетті, осының өзі мені жігерлендірді. Өзіннің алғашқы бас партияңды қалай орындап шықсаң, кейінгі әртістік жолың да солайша қалыптасады, өнер білгірлері, көрермендер мен әріптестер де солайша қабылдайды деген сенімділік бар, сол себепті жақсы әсер қалдырып, абыроймен орындап шығу негізгі мақсат болды, – деп ой бөлісті Талғат Аллабірінов.

Елорда төріндегі «Қыз Жібек» астаналықтар мен қала қонақтарына айрықша мерекелік көңіл-күй сыйлады.

РЕСЕЙЛІК ШАХМАТШЫ АЛҒА ШЫҚТЫ

Астанада шахматтан өтіп жатқан әлем чемпионатында үміткерлер ресейлік Ян Непомнящий мен Дин Лижень арасындағы 8-партия тең нәтижемен аяқталды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Ал әзірге жалпы есеп 4,5:3,5. Ресейлік үміткер алға шықты. Алда әлі 6 партия бар.

Әлем чемпионаты аясында Қазақстан әйелдер құрамасы мен әлем құрамасы арасында командалық халықаралық матч өтті. Әлемдік рейтингте бірінші болып тұрған қытайлық Хоу Ифань бастаған әлемдегі үздік шахматшыларға Бибісара Асаубаева, Динара Сәдуақасова және Жансая Әбдімәлік секілді тәжірибелі гроссмейстерлеріміз бен жас шахматшыларымыз қарсы ойнады.

Блиц-шахматтан әлемнің екі дүркін чемпионы Бибісара Асаубаева әлемнің төрт дүркін әлем чемпионы Хоу Ифаньді екі рет тізе бүктіріп, отандастарымызды бір қуантып тастағанымен, жас шахматшыларымыз үздіктердің тегеурінді ойынына қарсылық көрсете алмады. Дегенмен, Астана қаласының 17 жасар шахматшысы, жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының жеңімпазы және 2022 жылғы классикалық шахматтан Қазақстан чемпионы Меруерт Камалиденованың әлемнің төрт дүркін чемпионы Хо Ифаньді жеңгенін үлкен жетістік деп бағалауға болады.

Ал екі күнге жалғасқан 8 турдың нәтижесінде Дана Рейзниеце-Озола жетекшілік еткен әлем құрамасы 34,5:29,5 есебімен жеңіске жетті. Халықаралық матчтың ережесіне сәйкес, жеңімпаз атанған құрамаға 30 000 АҚШ доллары, екінші орынға 20 000 доллар көлеміндегі қаржылай сыйақы берілді.

Ең бастысы, бұл кездесуде отандас шахматшыларымыз әлемнің ең үздік шахматшыларымен шеберлік байқасып, мол тәжірибе жинап қалды.

Айтпақшы, осы матчтың барысында Бибісара Асаубаеваға салтанатты жағдайда «Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері» атағы тапсырылды.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

«ЖҰБАЙЛАР ЖҰМБАҒЫ»

22 сәуір 18:00

Қаллеки Қуанышбаев театры

«ТАПТЫМ. ҒАШЫҚ БОЛДЫМ. ЖОҒАЛТТЫМ»

22 сәуір 19:00

Жастар театры

ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ ӘН КЕШІ

23 сәуір 15:00, 19:00

Астаналық филармония

«БОПАЙ ХАНЫМ»

23 сәуір 18:00

Қаллеки Қуанышбаев театры

АҚАН СЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӨНЕР КЕШІ

24 сәуір 19:00

Қазақконцерт залы

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №47
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Айгүл УАЙС**